

# Белгілі актерге арналды

Бұл күндері өнер сүйгіш оқырман қауым қазақ драма театры мен киноөнерінің белгілі кинорежиссері, СССР халық артисі, СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Шәкен Аймановтың 75 жасқа толуын атап өтуде.

Оның бойындағы табиғи дарынын халық алдында жарқырата паш еткен М. О. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық театры. Шәкен осы театрда актер міндетін табысты атқара жүріп, бас режиссерлік қызметінде де үлкен абыройға жетті. Талантты актер талай-талай спектакльдерде басты рольдерде ойнап, кейіпкер бейнесін шеберлікпен тұлға-

лады. Мұхтар Әуезовтың «Абай» пьесасында — Керім, «Еңлік Кебекте» — Есен, «Түнгі сарында» — Қазанцев, «Қарақыпшақ Қобландыда» — Қобланды, Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш — Баян сұлуында» — Ақан, Әбілөктің «Достық пен махаббатында» — Тимур, Ш. Құсайыновтың «Алдар Көесінде» — Алдар Көсе рольдерін шебер шығарды. Классикалық аударма шығармаларында Шәкен жасаған ұнамды, өрі ұнамсыз тарихи ірі тұлғалар да аз емес. Шекспирдің «Отеллосында», — Отелло, «Асауға тұсауда» — Петручио, тағы басқа бейнедерді мол білгірлікпен, үлкен шеберлікпен жасады.

Шәкен Айманов киноөнерінде де белгілі тұлға. Ол қатысқан, әрі жасаған «Бір ауданда», «Тақиялы періште», «Алдар Көсе», «Біздің сүйікті дәрігер», «Әң қанатында», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Атамекен», «Атаманның ақыры» фильмдері туралы мағлұматтарды байыта түседі.

Қазір осы көрнекті, талантты артист, режиссер, драматургтың 75 жылдық тойына біздің облыстық кітапханада «Азамат. Актер. Ұстаз» атты үлкен ашық кітап көрмесі жасалды. Библиографиялық шолу, әдеби кеш өтуде. Шәкен Аймановтың азаматтық, өнерпаздық тағдырын оқырман көз алдынан өткізеді, әсерлі елестетеді.

Н. ШӘЙКЕНОВА,  
Н. Островский атындағы облыстық кітапхананың бас библиографы.